

Қазақстанның рәміздері





*Қазақстан
Республикасы
Президентінің 1998
жылғы
4 маусымдағы №3827
Жарлығына
толықтырулар
енгізіліп,
4 маусым –
Мемлекеттік рәміздер
күні ретінде аталып
өтетін болды.*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ұзындығы 2 метр, ені 1 метр көгілдір түсті мата. Ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран құс, сол жақ сабының тұсынан ұлттық өнер нақышталған тік жолақ көктем өтеді.

- Алтын күн молшылықтың, байлықтың белгісі .*
- Қыран құс халықтың арман – мақсатының биік екенін көрсетеді.*
- Ою ұлттық нақыштарымызды білдіреді*



*Шәкен Ниязбеков 1938 жылы
12 қарашада Тараз қаласында
дүниеге келген. 1958 жылы
Ленинград көркемөнер өнеркәсіп
училищесін бітіргеннен кейін
1960 жылы Ленинградтағы
Суретшілер және дизайнерлер
академиясын оқып бітірді. КСРО
суретшілер одағының мүшесі.*





«Өрнегі жарасқан
тәуелсіздіктің қасиетті
туы мәңгі желбіресін,
күніміз мәңгі сөнбесін».
Н.Ә.Назарбаев

*Еліміздің тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев
тізесін бүгін, ұлттық туымызды
сүйіп тағзым етті. Содан кейін
барып Ту өзінің құтты орнына
қондырылды.*



*ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕЛТАҢБАСЫНЫҢ РЕНДІК
БЕЙНЕСІН ЕКІ ТҮСТІ –
АЛТЫН ТҮС ЖӘНЕ КӨГІЛДІР
ТҮС. ЕЛТАҢБА 1992 ЖЫЛЫ 4
МАУСЫМДА ҚАБЫЛДАНДЫ.*

Қазақта «Шаңырағың биік, кереген кең,
босаған берік болсын» деген тілек сөз бар.
Елтаңба авторлары осы сөздерді
басшылыққа алған. Қазақстан
Республикасының Елтаңбасы көгілдір
түстің үстіне салынған шаңырақ бейнесінен
тұрады. Одан жан - жаққа күн сәулесі тәрізді
уықтар тарайды. Шаңырақ пен уықтар
біздің Отанымызда тыныштықта
жарасымды өмір сүріп жатқан көптеген
халықтардың бірлігін көрсетеді. Қазақстан
Республикасының Елтаңбасының бір бөлігі
ертедегі қанатты тұлпар. Елтаңбаның
жоғарғы жағындағы бес бұрыш – бақытты
өмірге жол сілтейтін жарық жұлдыздың
белгісі. Төменгі жағындағы «Қазақстан»
деген жазу республиканың атын көрсетеді.
Масақ Отанымыздың байлығы іспеттес.»



Елтаңбаның авторлары Шот-Аман Уәлиханов және Жандарбек Мәлібеков.

*Кез келген мемлекеттік
рәміздердің ең маңыздысы –
Гимн. Гимн мемлекеттің
салтанатты әні. Ол халықты
әйгілі етеді. Гимн –
мемлекеттік ресми нышан –
айбары болып табылатын,
елдің арман-аңсарын
білдіретін, бағдарламалық
мәні бар салтанатты саз.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

*Сөзін жазғандар: Жүмекей Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев
Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов*

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысың бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!


Урпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ГИМН
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Қазақстан Республикасының Гимні 2006 жылы 7 қаңтарда бекітілді. Гимннің сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Әнін жазған Шәмші Қалдаяқов.



XXX жазғы Лондон олимпиадасы. Бұл байрақты бәсекеде Қазақ елінің намысын 115 спортшы, спорттың 27 түрі бойынша сарапқа салып, жаһандық жарыста жеңіс тұғырынан көрінгенінің куәсы болдық. Көк туымызды желбіретіп, Гимніміздің құдіретімен әлемді дүр сілкіндіріп, ұлы даланың даңқты сарынын шалқытып Алаштың абыройын асырған 7 алтын, 1 күміс, 5 қола ел мерейін асқақтатты.